



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2018 жылғы 29 қарашасы

№ 35/10

Бескөл ауылы

село Бесколь

**Қызылжар ауданы бойынша жер салығының
мөлшерлемерін арттыру туралы**

Қазақстан Республикасы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) (бұдан әрі - Кодекс) Кодексінің 510-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасы жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде Қызылжар ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелері Кодекстің 504, 505, 506- баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен елу пайызына арттырылсын, автотұрақтарға (паркингтерге), автожанармай құю станцияларына бөлінген, казино орналасқан жер учаскелерін қоспағанда, сондай-ақ тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелеріне, соған сәйкесінше:

1) жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер;

2) елді мекендердің жеріне (үй маңындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер;

3) елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер.

2. Осы шешім ресми жариялауға жатады және 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық мәслихаты
сессиясының төрағасы
А. Шушамоин**

**Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық
мәслихатының хатшысы
А. Молдахметова**

облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 30.11.2018
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 5024 болып енгізілді

Результаты согласования

Аппарат акима Северо-Казахстанской области - советник секретаря по юридическим вопросам Ерген
Элюбаевич Маутов, 29.11.2018 17:08:11, положительный результат проверки ЭЦП
Аппарат акима Северо-Казахстанской области - секретарь маслихата Айжан Аскаровна Молдахметова,
29.11.2018 17:09:56, положительный результат проверки ЭЦП
Аппарат маслихата Кызылжарского района СКО - Председатель сессии Анатолий Фролович Шушамоин,
29.11.2018 17:11:21, положительный результат проверки ЭЦП
Департамент юстиции Северо-Казахстанской области - Заместитель руководителя Батырбек Курманханович
Калабаев, 30.11.2018 10:27:07, положительный результат проверки ЭЦП